



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2024 жылғы 13 маусым

13 маусымда KASE-дегі сауда-саттық, клиринг және есеп айырысулар штаттық режимде жүргізіледі

Қазақстан қор биржасы (KASE) және KASE клиринг орталығы 2024 жылғы 13 маусымда KASE-нің барлық нарықтарындағы қаржы құралдарымен сауда-саттық, клиринг және есеп айырысу KASE және Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес штаттық режимде жүргізілетіні туралы хабарлайды.

KASE-де айналысқа жіберілген қаржы құралдары бойынша сауда-саттық, клиринг және есеп айырысу регламенті мына сілтеме бойынша жарияланды <http://kase.kz/ru/reglament/>.

Анықтама үшін:

KASE Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші, ал FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы.

KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері Биржаларының халықаралық қауымдастығы (ТМД БХҚ), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты Қор Биржалары" - Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады.

"KASE клиринг орталығы" АҚ Биржаның "eTrade.kz" ЖШС еншілес ұйымын қайта құру жолымен құрылды және 2022 жылғы 21 маусымда тіркелген. Клиринг орталығы Биржаның 2024 жылға дейінгі Даму стратегиясының "Орталық контрагентті негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде дамыту" бағытына сәйкес құрылды. 2024 жылғы 03 маусымнан бастап Клиринг орталығы клирингілік және есеп айырысу қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ KASE-нің барлық нарықтарында орталық контрагенттің функцияларын орындайды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.